

**Жамбыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы "Жамбыл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" №25-124 шешімінің күші жойылды деп тану туралы**

Алматы облысы Жамбыл аудандық мәслихатының 2026 жылғы 6 қаңтардағы № 44-198 шешімі

**Ескерту. 01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі - осы шешімнің 2-тармағымен.**

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 7-бабының 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 2-тармағына сәйкес, Жамбыл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Жамбыл аудандық мәслихатының 2024 жылғы 29 қарашадағы "Жамбыл ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы" № 25-124 шешімінің күші жойылды деп танылсын (Алматы облысы Әділет департаментінде № 6191-05 болып тіркелді).

2. Осы шешім 2026 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Жамбыл аудандық мәслихат төрағасы*

*М. Амиргалиев*